



Сақтық шаралары – қауіпсіздік кепілі

2



Әлем әдебиетінің алыбы

3



Молшылық мерекесі – ел берекесі

4



Классикалық ән кеші

4



Сыр бойы



№163 (19841)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

29 қазан /СЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

САПАР

Басты мақсат – халықтың тұрмысын жақсарту



Өткен сенбі күні Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев бастаған үкіметтік топ жұмыс сапарымен облысымызда болып, әлеуметтік салаға арналған жиындарға қатысты. Сонымен қатар, тұрғындармен кездесіп, өндіріс орындарының жұмыстарымен де танысты.

Үкімет басшысының орынбасары бастаған жұмыс тобы алдымен Т. Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінде ұстаздармен, білім беру саласының қызметкерлерімен кездесті.

Жиында вице-премьер Президенттің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында жүктелген міндеттерді жүзеге асыру, педагогтардың мәртебесін арттыру, сала қызметкерлерінің жалақысын көбейту мәселелері туралы сөз қозғады.

Нұр-Сұлтан қаласында өткен республикалық Тамыз конференциясында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев білім саласында бірқатар өзекті мәселелерге тоқталып, оларды кезең-кезеңімен шешуді тапсырған болатын. Кездесу барысында облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков аймақтың білім саласында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

– Соңғы жылдары облыста білім саласының артуында айтарлықтай нәтижелер бар. Аймақта бюджет қаржысының ең көп бөлігі әлеуметтік салаға, соның ішінде білім саласына бөлінген. Балабақша желісі жыл сайын артып келеді. Оның 72 проценті жекеменшік. Нәтижесінде 3-6 жастағы балалар балабақшамен 100 процент қамтылды. Облыста үш ауысымды және апатты мектептердің мәселесі шешілді. Мектеп

бітірушілердің 98 проценті университеттер мен колледждерде оқуларын жалғастыруда. Аймақ мектептерінің 60 проценті жана модификациялық пәнді кабинеттермен қамтамасыз етілсе, компьютерлер 100 процентке жаңартылды. Өріне бұл Үкімет тарапынан жасалып жатқан қолдаудың нәтижесі, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде «Педагог мәртебесі» туралы заң жобасы Парламент қарауында. ҚР Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Каринова заң жобасын барлық мұғалім, педагогикалық ұжымдар талқылап, дайындау барысында 8 мыңнан астам ұсыныс түскенін айтты.

– Жаңа заң жобасында педагогтардың құқықтары бойынша 10 жаңа позиция қарастырылды. Олардың барлығында мұғалімнің жеке дамуына және оқу процесін жетілдіруге мүмкіншілік жасау бағытталған. Сонымен қатар, педагогтың шамадан тыс есеп беруіне, негізсіз тексерістер жүргізуге тыйым салу арқылы жүктемені азайту бойынша да нормалар заң жобасында қарастырылған, – деді ол.

Сондай-ақ, заң жобасында жас мамандар үшін алғашқы кездестірілетін балаларларды орын беру, ҚР Еңбек сіңірген ұстазы

мемлекеттік марапатын енгізу бойынша қолдаулар барын айтты.

Ал, Мемлекет басшысының Тамыз конференциясында берген тапсырмасы аясында алдағы 4 жыл ішінде мұғалімдердің жалақысы екі есеге артады. Ш.Каринова заң жобасында барлық педагог үшін демалыс кезеңін 56 күнге ұлғайту, тәлімгерлік үшін қосымша ақы, магистр дәрежесіндегі мұғалімдерге 10 айлық есептік көрсеткіш ретінде үстемасы беру қарастырылғанын жеткізді.

Кездесу барысында Бердібек Сапарбаев білім сапасы мен тәрбие мәселесіне ерекше тоқталды.

– Өрбір мемлекеттің дамуы сол мемлекет азаматтарының біліміне, денсаулығына, мәдениетіне, тәрбиесіне байланысты. Біздің балаларымыздың білімінің сапасы халықаралық деңгейге сәйкес болуы керек. Олар шетелде тұратын қатарынан қалмауы керек. Бұл үшін ең негізгісі – заман талабына сай білім беру. Ол сіздерге байланысты, – деді Бердібек Машбекулы.

Сондай-ақ, алдағы уақытта мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысы орта деңгейден жоғары болуы керектігін айтты.

– Мысалы, бұл мектепте

500 бала, ал көрші мектепте 500 бала оқиды. Жүктеме әртүрлі, ал директорлардың жалақысы бірдей. Сондай-ақ, оқу сапасы – «Алтын белгі» алатын түлектері саны, тәртібі және басқа да көрсеткіштер есептелмейді. Бұл мәселелер жана заңда ескерілетін болады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 4 жылдың ішінде біз мұғалімдердің орта жалақысын республиканың орта жалақысымен теңестіріміз керек. Жалпы келешекте мұғалімдер, дәрігерлер орта жалақыдан жоғары алуы керек, – деді ол.

Вице-премьер мұғалімдер алдымен білім сапасын жетілдіруі керектігін, қазір ұлттық тәрбие берудің кемшілігін айтып, тәрбиеге баса назар аудару қажеттігін жеткізді. Сондай-ақ, колледждердің жұмыс сапасы туралы сөз қозғап, бұл оқу орындарының көрсеткіш түлектердің жұмысқа орналауымен анықталатынын баса айтты. Әсіресе, түлектердің жұмысқа орналасуы, дуальды оқыту нәтижесі, «Күнделік» ақпараттық жүйесі туралы жалған ақпарат болмауы керектігін жеткізді.

Оқушыларға оқулықтан тыс пайдалы ақпараттың берілуі де қазір өте өзекті. Бердібек Сапарбаев келесі жылы Абайдың 175, Әл-Фарабидің 1150, Алтын Ордамыздың 750 жылдығы, Жетістің 75 жылдығы екенін еске салып, ұлы тұлғалар мен ел өміріндегі елеулі кезеңдер туралы бүгінгі буын біліп өсуі үшін жан-жақты жұмыс жасау керектігін тапсырды.

2-бет.

Ә.НҮРПЕЙІСОВ – «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ»

Ә.К.Нұрпейісовке жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Ұлттық әдебиетті дамытудағы айрықша еңбегі үшін жазушы Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісовке жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілсін.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақарда, 2019 жылғы 26 қазан.

Өсім жаңа талаптармен толысуы тиіс

Кеше облыс әкімдігінің ситуациялық орталығында «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының отырысы өтті. Оған облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков пен облыс әкімінің орынбасарлары, депутаттар және басқарма басшылары, секторлық жүйе арқылы аудан әкімдері қатысты. Жиында 2016-2020 жылдарға арналған облыстың даму бағдарламасының орындау жайы талқыланды. Бұл туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Н.Қордабай баяндады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Оның айтуынша, бағдарлама өңірдің барлық бағыттарын қамтиды. Өрі бағдарламаны жүзеге асыру арқылы салаларда бірқатар түлектері саны, тәртібі және басқа да көрсеткіштер есептелмейді. Бұл мәселелер жана заңда ескерілетін болады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 4 жылдың ішінде біз мұғалімдердің орта жалақысын республиканың орта жалақысымен теңестіріміз керек. Жалпы келешекте мұғалімдер, дәрігерлер орта жалақыдан жоғары алуы керек, – деді ол.

Вице-премьер мұғалімдер алдымен білім сапасын жетілдіруі керектігін, қазір ұлттық тәрбие берудің кемшілігін айтып, тәрбиеге баса назар аудару қажеттігін жеткізді. Сондай-ақ, колледждердің жұмыс сапасы туралы сөз қозғап, бұл оқу орындарының көрсеткіш түлектердің жұмысқа орналауымен анықталатынын баса айтты. Әсіресе, түлектердің жұмысқа орналасуы, дуальды оқыту нәтижесі, «Күнделік» ақпараттық жүйесі туралы жалған ақпарат болмауы керектігін жеткізді.

Оқушыларға оқулықтан тыс пайдалы ақпараттың берілуі де қазір өте өзекті. Бердібек Сапарбаев келесі жылы Абайдың 175, Әл-Фарабидің 1150, Алтын Ордамыздың 750 жылдығы, Жетістің 75 жылдығы екенін еске салып, ұлы тұлғалар мен ел өміріндегі елеулі кезеңдер туралы бүгінгі буын біліп өсуі үшін жан-жақты жұмыс жасау керектігін тапсырды.

Жіберілген оқулықтар жыл аяғына дейін толық орнына келетінін жеткізді.

– Өңір экономикасында мұнай-газ саласы маңызды рөл атқаратындықтан бағдарламадағы бірқатар көрсеткіштердің орындалмауы себебі мұнай өндірудің азаюына және бағасының төмендеуіне байланысты болып отыр. Алайда, мұнай нарығындағы тұрақсыздық жағдайына қарамастан, біз облысымыздың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін жоғарылату бойынша тиісті жұмыстар істеп жатырмыз.

Әсіресе, аймақта өңдеу өнеркәсібін дамыту үшін кешенді жұмыстар жүргізудеміз. Мәселен, Индустрияландыру бағдарламасының бірінші және екінші бесжылдығы аясында құны 150 млрд теңгені құрайтын жобаны іске асырып, 1,6 мың жұмыс орны ашылды. Сонымен қатар, туризм саласын дамыту үшін де

тиісті жұмыстар атқарылууда. Мәселен, бір гана «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағын құру үшін 75 млн теңге бөлінді. Соның өзінде бұл салаларда жұмыстың толық орындалмағаны анықталып отыр, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған жобаларға сәйкес эксперттік топ құру, өндірілетін өнім түрін көрсететін өңдеу өнеркәсібінің жобалар тізімін жасау, жаңа инновациялық жобаларға оның ішінде тамақ өнімін өндіретін жобалар бойынша облыстық конкурсу өткізу туралы тапсырмалар берді. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес өкілдеріне ақпараттық қолдау деңгейін арттыруды жүктелді. Бұдан бөлек, аудан әкімдері мен облыс әкімінің орынбасарларына өздері жетекшілік ететін салаларда жұмыстардың толық атқарылуы тиіс екендігін баса міндеттеді.

Жалпы биыл өңір экономикасына тартылған инвестиция көлемі 52,5%-ке, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 3,2%-ке, тұрғын үй көлемі 20%-ке, құрылыс жұмыстарының көлемі 2,2%-ке артады. Экономика салаларында 9600 жаңа жұмыс орны құрылды. Оның 8918-і тұрақты жұмыс орны. Жұмыссыздық деңгейі 4,8% құрап отыр.

БАСПАСӨЗ – 2020

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2020 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу жүргізілуде.

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: **жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.**

Кәсіпкерлік кенжелемеуі керек

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқаковтың төрағалығымен облыс әкімдігінің мәжілісі өтіп, күн тәртібінде жаппай кәсіпкерлікті дамыту бойынша биылғы тоғыз айдың қорытындысы, тұрмыстық қалдықтарды басқару бойынша атқарылып жатқан жұмыстар және облыс бюджетінің болжамды игерілуі қаралды. Секторлық режимде өткен мәжіліске аудан әкімдері де қосылды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Бірінші мәселе бойынша облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергеновтің хабарламасы тыңдалды.

Бытыр облыста жаппай кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың үш жылдығы жарияланды. Осыған орай ауқымды жұмыстар атқарылуда. Облыста шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1 қазандағы мәлімет бойынша

52158-ді құраған. 160 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Ұлттық банк мәліметіне сәйкес жыл басынан бері облыста шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға 14 млрд 500 млн теңге несие берілсе, оның ішінде мемлекеттік бағдарлама аясында 146 жобаға 4,3 млрд теңге бөлінген. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде 2,4 млрд теңгеге 79 жоба қаржыландырылған. Ал

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша 1,9 млрд теңгенің 16 жобасы мақұлданды.

Облыс әкімі аталған мәселе бойынша аудандарда орын алып отырған кемшіліктерді саралады. Атап айтқанда, Арал ауданында биылғы маусым-қазан айында шағын және орта кәсіпкерліктің шығарған өнім көлемі бытырмен салыстырғанда 20,3 процентке төмендеген және «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде барлығы 111 млн теңгенің 6 жобасы ғана қаржыландырылған. Қазалы ауданында «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша бірде-бір жобаға қаржы берілмеген. Қармақшыда тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің саны азайған. Сондай-ақ, биылғы

жартыжылдықта шығарылған өнім көлемі бытырмен салыстырғанда 12 процентке төмендеген. Жалағашта да шағын және орта кәсіпкерліктің шығарған өнім көлемі бытырмен салыстырғанда 21,5 процентке кеміген. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы шеңберінде 414 кәсіпкер 1 млрд 415 млн теңге микронесие алғаныммен соңғы үш жылда бюджетке бар болғаны 17,4 млн теңге салық түсіп, 240 жаңа жұмыс орны құрылған. Сырлария ауданында шағын және орта кәсіпкерліктің өнім шығарылымы бытырмен салыстырғанда 8 процентке төмендеген. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасымен микронесие алған 411 кәсіпкер соңғы үш жыл-

да бар болғаны 21,2 млн теңге салық төлеген. Шиеңде 565 кәсіпкерге 1,8 млрд теңге шағын несие берілген, ал салық төлемі бар болғаны 22 млн теңгені құрап отыр. Сонымен бірге «Қарапайым заттар экономикасы» бойынша бірде-бір жоба қаржыландырылмаған.

Облыс әкімі аталған кемшіліктерге орай аудан әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар беріп, міндеттер жүктелді.

Тұрмыстық қалдықтарды басқару бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Байыржан Шаменов баяндады.

Есепті мерзімде барлығы 102 мың тонна тұрмыстық қалдық қалдықталса, оның 12748 тоннасы немесе 12,4 проценті қалдықталған. Жалпы облыс көлемінде түрлі қалдықтарды тасымалдау, жинақтау, өңдеуде 41 кәсіпкерлік нысан жұмыс істейді. Бүгінгі күні Қызылорда қаласында «Ыбырайхан ЛТД» ЖШС жаяу жүргінші жолына арналған брусчатка жасап шығаруда. Сонымен бірге «Smart Rubber» ЖШС автокөліктердің резинамен дөңгелектерінен резина түтіктер шығаруда. Одан бөлек, «Қызылорда қазғазы» ЖШС, «ДаЖаЭр», «Август», «Аймырза», «Аян» ЖШС мақалатура, пластикалық қалдықтарды өңдеуде. Облыста 8990 тонна контейнер болса, 221 арнайы техника қызмет көрсетеді. Бүгінгі күні

өңірде 145 полигонның төртеуі экологиялық және санитарлық талапқа сәйкестендірілмеген. Жалағаш, Шиең және Жаңақорған аудандарында жаңа полигон құрылысының сметалық жобалық құжатты әзірленуде.

Мәжілісте облыс бюджетінің болжамды игерілуі жөнінде облыстық қаржы басқармасының басшысы Талғат Жақыпбаевтың хабарламасы тыңдалды.

Биылғы он айда облыс бюджеті 305 млрд теңге болып, екінші жартыжылдықтың өзінде 19 млрд теңгеге ұлғайды. Оның 10 млрд теңгесі әлеуметтік салаға бағытталған.

Мәжілісті қорытындылаған облыс әкімі көтерілген мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына, аудан әкімдеріне нақты тапсырмалар берді.

Басты мақсат – халықтың тұрмысын жақсарту

Еліміз бойынша 11 оналту орталығын салу жоспарланып отыр. Оның үшеуінің құрылысы келер жылы басталады. Бұл туралы ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев Талсуат ауылдық округінде орналасқан мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оналту орталығында өткен кездесуде айтты.

Бердібек Машбекұлы орталықтың тыныс-тіршілігімен танысып, оң баға берді. Жүйелі жұмыс жүргізіп отырған басшылыққа ризашылығын білдіріп, әлеуметтік қорғау бағытында қажырлы еңбек етіп жүрген қызметкерлердің абырой-беделі арта беретінін жеткізді.

Бүгінде мемлекет тарапынан әлеуметтік мәселелерге айрықша ден қойылып келеді. Кезінде осы орталықтың ашылуы да соның бір дәлелі. Келер жылдан бастап әлеуметтік қызметкерлердің жалақысы орта есеппен 30 процентке өседі, оған қоса 11 оналту орталығын салу жоспарда бар. Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлерінің ролі әрдайым ерекше болып қала береді. Себебі, сіздер кез келген жаңа жан жылуын сыйлап, әрқаз көзін созуға даяр тұрасыздар. Ол әлеуметтік саясатты онтайлы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі кәсіби мереке қарсаңында қажырлы еңбек пен ақ пейілдеріңіз, өзгеңіз қайғысына көз жұмып қарай алмайтын адалдықтың үнін сіздерге шын жүректен алғыс білдіреміз, – деді Б.Сапарбаев.

Әлеуметтік қызметкерлер күніне арналған салтанатты шарада облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков пен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов тілектестігін білдірді. Мұнан кейін үздік мамандар марапат төрінен табылды. Олардың қатарында облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Алтын Есқараева, «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры Жандос Тұрмағамбетов пен «Кіші кәсіпкер әйелдер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Салтанат Сыздықова бар. Жұмыс соңында көрермен назарына концерттік бағдарлама ұсынылып, көңілді серпілді.

Оналту орталығына сырқатына шипа іздеп келген әрбір адам жаны-



бюджетке қайтарылып, 1 млрд 71 млн теңгеге төлем тоқтатылды, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде тұрғындарға атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәсілдері туралы ақпараттандыру жұмысы жүйелі жүргізіліп, халық өзгерістерді оң қабылдауда. «Еңбек» бағдарламасына қатысуға 23988 адам тартылған. Облыста «Бейресми жұмыспен қамтылғандарды заңдастыру және сапалы жаңа жұмыс орындарын құру жөніндегі іс-шаралар жоспары» жол картасы қабылданды.

Денсаулық сақтау саласында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін іске асыруға барлық шаралар қабылданды. Мемлекеттік медицина ұйымдарында ақпараттық жүйе 100 процент енгізіліп, компьютермен толық қамтамасыз етілген. Өңірдегі 42 жеке медициналық ұйымдардың 12-сі медициналық ақпараттық жүйені енгізсе, 26-сы тәжірибе негізінде қолдануда. Интернет желісі аудандарды толық қамтып, шалғай елді мекендер 86,2 процентті құрап, жыл аяғына дейін толық қосуға мүмкіндік бар.

Аймақ басшысы денсаулық саласындағы шешімін табуы тиіс мәселелерге тоқталды.



делегация ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауының басты бағыттары түсіндіріп, көпшілік көкейіндегі кейбір өзекті мәселелерді ашып айтты. Кездесуде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов келесі жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілетін көпбалалы және мұқтаж отбасыларға арналған көмектің жаңа әдісі туралы айтып берді. Министрдің айтуынша, көпбалалы отбасыларды қолдау республикалық бюджет қаражатынан мемлекеттік жәрдемақыны енгізу есебінен қамтамасыз етіледі. Аталған мемлекеттік жәрдемақы отбасының табысына қарамастан, барлық көпбалалы отбасыларға төленбек.

Мемлекеттік жәрдемақының мөлшері бала санына байланысты сараланып, әр балаға орта есеппен 10-11 мың теңгеден берілетін болады. Ал, атаулы әлеуметтік көмек аз қамтылған отбасыларға, соның ішінде көпбалалы отбасыларға да төленеді.

Мемлекеттің негізгі қағидаты – шын мәнінде көмекке мұқтаж адамдарға, бірінші кезекте балалар мен көпбалалы отбасыларға көмек көрсету. Еңбекке жарамды азаматтар жұмыс істеуге тиіс, мемлекет жұмысқа орналасуға немесе шағын бизнеспен айналысуға көмектеседі. Мемлекеттік көмек көпбалалы отбасыларды қолдау, аз қамтылған отбасыларға атаулы әлеуметтік көмекті, аз қамтылған отбасылардың балаларына арналған кепілді әлеуметтік пакетті қамтитын болады, – деді Б.Нұрымбетов.

Жиналыста атаулы әлеуметтік көмек алатын еңбекке қабілетті отбасы мүшелері жұмыс істеуі тиіс екендігі айтылды. Оларды жұмысқа орналастыру үшін жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы негізге алынып отыр. Сондай-ақ, отбасы мүшесі ұсынылған жұмыстан бас тартса, онда тиісті көмек төлемі барлық отбасы мүшелері үшін бірден тоқтатылатыны баса айтылды.

Аудан тұрғындары зейнеткерлік және тұрғын үймен қамтамасыз ету, мұқтаж отбасыларға әлеуметтік көмек көрсету, жұмысқа орналастыру, мемлекеттік қолдау шараларын көрсету және басқа да мәселелерді шешуге қатысты өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, тиісті жауап алды.

Жында сөз алған вице-премьер мемлекет барлық әлеуметтік міндеттерді толық көлемде орындап отырғанын айтты.

Бүгінде осы салаға республикалық бюджеттің 45% бағытталған. Биылғы өзінде атаулы әлеуметтік көмек төлеуге 200 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалған. Мемлекет басшысы халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға ерекше көңіл бөліп отыр. Жалақы, зейнетақы мен жәрдемақы өсуде, жаңа мектеп пен ауруханалар, әлеуметтік тұрғын үйлер салынып, жолдар жөнделуде, – деп атап өтті Б.Сапарбаев.

Сонымен қатар, вице-премьер жастарға рухани-адамгершілік тәрбие мен білім беру және денсаулық сақтау саласының сапасын арттыру, МӨМС-ті енгізу, сандық технологияларды дамыту, жұмыспен қамту және әлеуметтік саланы дамытудың мәселелерін айтып өтті.

Сапар барысында үкіметтік топ жыл аяғында пайдалануға берілетін аудандық аурухананың құрылысын аралап көрді. Оған соң жылына 1 млн тонна өнім шығаруға қуатты «Гезу-ба Шилеі Цемент» ЖШС зауытында болып, заманауи технологиялармен жабдықталған кәсіпорын жұмысымен де танысты.

«Сыр бойының» тілшілер тобы.



на демеу, дертіне дауа табады. Осы кезге дейін орталықтан 6 мыңға жуық адам қызмет алған. Мұнда қажетті емдомды жүргізу, бос уақытты тиімді өткізу қарастырылған. Үйретері көп үйірмелерге қатысуға мүмкіндік бар, қызыққа толы мәдени кештерде де өнердің ортаға сала аласың. Ең бастысы, осы шаралардың нәтижесінде кресло-кортапты біржола тастап, аяққа тұрған жандар көп. Ол төккен тердің, еткен еңбектің еш кетпейтінін байкатады.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Бердібек Сапарбаев бастаған үкіметтік топ «Достық» үйінде жұртшылықпен кездесті.

Кездесуде облыс әкімі Қ.Ысқаков аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму динамикасы туралы айтты, кейбір мәселелердің шешілуіне Үкімет тарапынан қолдау қажеттігін жеткізді.

Атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге 2019 жылға бюджеттен 14,7 млрд теңге қаралып, әлеуметтік көмектің орташа мөлшері 14808 теңгені құрады. Жыл аяғына дейін 19,7 млн теңге қаржының жұмсалуды күтілуде. Атаулы әлеуметтік көмекті қоса қаржыландыруды 15 процентке жеткізу үшін жергілікті бюджеттен 2 млрд теңге бөлінді. Шартты атаулы әлеуметтік көмек алатын 1351 отбасымен әлеуметтік келісім-шарт жасалып, 1243 адам тұрақты жұмыспен қамтылды. Артық төленген атаулы әлеуметтік көмектің 23,1 млн теңгесі

1-бет.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспарында жергілікті бюджет есебінен 500 төсек орынды көпбейінді аурухана салу көзделген. Дегенмен, жергілікті бюджеттің қаржылық мүмкіндігі жок екені ескеріліп, республикалық бюджеттен іске асырылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар тізіміне енгізу қажеттігі туындауда. Сондай-ақ, экологиялық апат аймағындағы әйелдерге босануға дейінгі және кейінгі демалыс күндерін ұзарту мүмкіндігін қарастыру, Арал өңіріндегі экологиялық апаттарға байланысты аурулардың тізбесін анықтау тапсырылған болатын. Жобаны сапалы әрі мерзімінде іске асыру үшін Премьер-министр орынбасарының төрағалығымен ведомстворалық комиссиясын құруға ұсынысты қолдауынсызды сұраймыз, – деді облыс әкімі.

Өңірде білім саласын қолдау да айтарлықтай. Білім саласындағы көрсеткіштің қызметтің 15-і автоматтандырылса, республикада алғашқылардың бірі болып мұғалімдерді жұмысқа қабылдау электронды түрде жүргізіле бастады. Жаңа оқу жылында 475 мұғалім осы жүйе арқылы жұмысқа тұрған. Облыстағы спорттық кешендер соңғы 3 жылда толығымен жаңартылды. Кәсіптік және техникалық салада соңғы екі жылда 22 жаңа мамандық бойынша оқытылып, түлектердің 80 проценті жұмысқа орналасқан. Аймақта жыл сайын мектеп құрылысын жүргізу

қарқынды болғанымен, алдағы жылға республикалық бюджеттен бөлінген қаржы жоспарланған құрылысты салуға жеткіліксіз екені атап айтылды.

Кездесуде Үкімет басшысының орынбасары Б.Сапарбаев ел тәуелсіздігін алған 28 жылда ең негізгі мақсат – халықтың жағдайын жақсарту болғанын атап айтты. Ел қазынасының 45 проценті әлеуметтік салаға жұмсалса, енді бұл 47 процентке көбеймек. Биыл аз қамтылған отбасыларды қолдау мақсатында атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға, тұтыну несиесін өтеуге қыруар қаржы бөлінгенін атап өтті. Алайда мұқтажды пен масылдықты ажырата алмағанымыз ашық көрінді. Енді атаулы әлеуметтік көмек берудің жаңа жүйесі енгізілмек. Сондай-ақ, халықтың жағдайы назардан тыс қалмайды.

Негізгі міндетіміз – халықпен қарым-қатынасты жақсарту. Әрбір тұрғынның мәселесіне құлақ асып, заңға сәйкес келетін болса, шешімін табуға көмектесу керек. Жергілікті биліктің жұмысына халық баға беруі қажет. Сауалнама жүргізіп, нәтижесінде халықтың оң бағасы 30 проценттен төмен болатын болса, шара қолданылады, – деді Б.Сапарбаев.

Білім саласына қамқорлық жыл сайын арта түспек. Мектептердің материалдық-техникалық базасын жақсарту, мұғалімдердің жалақысын арттыру жүйелі жүзеге аспақ. Сондай-ақ, елімізде дарынды балаларды қолдау мақсатында «Ел үміті» жобасы дайындалуда. Жоба бойынша

дарынды 1000 бала іріктеліп, оларға қолдау көрсетілмек.

Мәдениет саласындағы өзекті мәселенің бірі – сала қызметкерлерінің жалақысының төмендігі болса, енді олардың жалақысы 30-50 процентке өсетін болды. Жастар жылының нәтижесі де Үкімет назарынан тыс қалмайды.

Зейнетақы қорының белгілі бір мөлшерін мұқтажды үшін беру – көп көкейіндегі сауалдың бірі. Бұл мәселе әлі де талқыланып жатқанын, ең бастысы, ертеңгі күні кез келген азаматты зейнетақымен толық қамтамасыз ету қажеттігі ескерілетіні айтылды.

Кездесуде денсаулық саласының ардагері Т.Маханов сұранысқа сай онкологиялық аурухана салу қажеттігін айтса, қоғам қайраткері Қ.Баймаханов газ бағасы және кәсіптік-техникалық колледждерде еңбек нарығына қажет маман даярлау мәселесін көтерді. Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының төрайымы Р.Байназарова өңірде жаңа мектептер салуға қажеттілік жоғары екенін алға тартса, кәсіпкер С.Алшынбаев жеке балабақшаларға берілетін мемлекеттік тапсырыс көлемін арттыру жайын айтты. Үкімет басшысының орынбасары барлық сауалдарға нақты жауап берді.

Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаев бастаған үкіметтік жұмыс тобы Шилеі және Жаңақорған ауданында болды. Жергілікті тұрғындармен кездескен

Аймақта су тасқынының алдын алу шараларын ұйымдастыру үшін биыл 692 млн 500 мың теңге бөлінді. Облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков төрағалық еткен төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысында алғашқы мәселе Сырдариядан келетін қауіптен күрес жайына арналды.

Назерке САНИЯЗОВА.

Сақтық шаралары – қауіпсіздік кепілі

Өзен жағалауы су басу ықтимал 56 учаскеге бөлініп, оларға 126 жауапты мекеме бекітіліп отыр. Тіптіне материалдық-техникалық қор сақадай сай. Қызылорда қаласы мен аудандарда тасқын су кезінде халықты көшіруге арналған 84 эвакуациялық жинақтау, 101 қабылдау пункті әзірленді.

Қазіргі күні өзен бойындағы 26 қауіпті учаскені жөндеу және қалпына келтіру шаралары жүргізіліп жатыр. Оның ішінде ұзындығы 20 шақырым болатын 23 учаскеде жұмыс аяқталды, – деді облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Асылбек Шәменов.

Бүгінде «Шардара» бассейндік инспекциясының басшысы Әліхан Қарлыхановтың айтуынша, су көлемінің қысқаруы сен жүру кезінде су басу қаупін төмендетеді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе жөнінде облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Омар Бержанов баяндама жасады. Мәліметке сүйенсек, өткен жылы маусымда тұрғын үй секторларында 147 өрт оқиғасы тіркелді. Соның салдарынан 7 адам қаза тауып, 5 адам жаракат алды.

2018-2019 жылдары түтінге уланудың 11 фактісі есепке алынып, 26 адам, оның ішінде 12 жасөспірім емдеу орындарының көмегіне жүгінді. Ал табиғи газға уланудан 1 адам көз жұмса, 2 адам зардап шекті, – деді О.Бержанов.

Құтқарушылар тілсіз жау көбіне тұрғындардың пеш мұржанын тазаламауынан, балаларды қарусыз қалдыруынан және мас күйінде темекі шегуінен тұтанатынын айтып отыр.

Одан бөлек, жыныда облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мұрат Тілеуімбаев жолдардың қысқы мезгілге дайындығы туралы сөз қозғайды. Аймақ басшысы өз кезегінде жауапты мекемелерге сақтық шараларын күшейтуді тапсырды.

Жаңа тәсілдер тәжірибеде қолданылады

Жуырда техникалық реттеу, метрология және менеджмент жүйелері саласындағы жұмысшылардың біліктілігін арттыру бойынша семинар өтті.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Семинарды Қазақстан стандарт-уау және сертификаттау институты ұйымдастырды. Жынына 90-ға жуық маман қатысып, олар үш күн ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық реттеудің құқықтық негіздерімен, ҚР сәйкестікті растау, менеджмент жүйелерін сертификаттау саласындағы жаңа тәсілдермен танысты. Сондай-ақ, метрология саласындағы заманауи жаңалықтар мен ЕАЭО техникалық регламенттерін қолдану ерекшеліктері туралы нақты ақпараттар алды. Дәрістің саланың бағам секторларының мамандары және техникалық реттеу жүйесінің сарапшы-аудиторлары жүргізді. Олардың қатарында «ҚазИнСт» РМҚ Павлодар филиалының бас маманы Рымкеш Исина, ҚР ЭМ тәуелсіз сарапшы-кәсіпшісі Қазкен Оразалина, химиялық физика және метрология институтының зертхана меңгерушісі Гүлжан Жаңабаяева бар.

Бұл семинар «ҚР Индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасы мен техникалық реттеу және метрология жүйесін 2020 жылға дейін жетілдірудің кешенді жоспары аясында өткізілуде. Негізгі мақсат – өнеркәсіп, бизнес саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің халықаралық стандарттарға сай тауар өндіруіне, қызмет көрсетуіне бағыт-бағдар беру. Дәріске қатысушылар өздерінің кәсіби деңгейін жақсартып қана қоймай, болашақта іс жүзінде өнім мен қызмет өндірісін жетілдіруге нәтиже көз жеткізу мүмкіндігіне ие болады, – деді техникалық реттеу және метрология комитеті облыс бойынша департаментінің бөлім басшысы Әуелбек Қамзаев.

Әлем әдебиетінің алыбы

Қазақстанның Халық жазушысы, қоғам қайраткері, қасиетті Қорқыт топырағының перзенті, Ақбас Аралдың тумасы, күллі Алаштың мақтанышы Әбдіжәміл Нұрпейісовке Мемлекет басшысының Жарлығымен «Қазақстанның Еңбек Ері» мәртебелі атағының берілуі баршамыздың мерейімізді тасытты.

ӘБЕҢНІҢ АЛТЫН ЖҰЛДЫЗЫНДА АРАЛДЫҢ ЖАРҚЫН ЖҮЗІ ТҰР

Қазақтың болмысы мен келбетін әлемдік деңгейге алып шыққан Абай, Мұхтар, Әбіш секілді заңғар жазушылардың сапындағы сардар қаламгерге жасалған құрмет қазақ әдебиетіне жасалған құрмет деп білеміз.

Ә.Нұрпейісовтің бір ғана «Қан мен тер» трилогиясы дүниежүзінің отыздан аса тіліне аударылып, Арал теңізінің данқы мен Кеңес өкіметі дәуіріндегі қазақ қоғамының шынайы бейнесін паш етті. Мұнан бөлек туабітті дарынды жазушымыз – А.Чехов, М.Горький, Н.Хикмет, А.Кэсо секілді классиктердің шығармаларын ана тілімізге аударып, қазақ оқырманын әлем әдебиетімен сусындатты.

«Қазақтың Әбесі» атанған жазушының есімі естілгенде сөз жоқ, ең бірінші Арал теңізі көз алдымызға келеді. Әбесі өзінің барлық шығармаларында шалқын Аралдың тартылған тағдырына алаңдаумен болды. «Аралдықтар зардап шегіп жатқанда мен той тойламаймын» – деп елге келіп ешқашан мерейтойларын атап өтпеді. Сөйткен теңіз-анамыз міне, енді мемлекетіміздің, Елбасымыздың ерекше қамқорлығымен қалпына түсіп, балықшылардың еңбек ырағы бұрынғы күйіне оралып келеді.

Мен өзім кәсіпкер есебінде «СПК Қызылорда балық» серіктестігін құрып, балық өңдеу зауытын ашып, ел-жұртқа қызмет етіп жүрмін. Сонымен бірге, 2015 жылы ресейлік кәсіпкермен бірлесіп,

Ульяновск облысында «Дмитровград балық өлкесі» балық өңдеу зауытын іске қостық. Шикізаты құтты Арал теңізі қойнауынан тасымалданып отыр. Соңғы төрт жылда балық аулау 65 процентке артты.

Қазір облыста жылдық қуаттылығы 11 мың тонна болатын 8 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді. Бұл – Арал өңірі мен өмірінің қайта жанданғанының дәлелі.

Осындай халықтың жүзі жарқын кезеңде заңғар жазушының 95 жасқа толған мерейлі күнін туған елі тойлап жатыр. Біз Әбесінің жылы жүзінен Арал балықшыларының бүгінгі серпінді тынысына разы болған қанағат қуанышын көргенімізді бақыт санаймыз.

Әбесі мемлекеттік, халықаралық сыйлықтардың лауреаты, кеудесі орден-медальға толы. «Қызыл Жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет Белгісі», «Халықтар достығы», «Отан» – осының бәрі жампоз жазушының туған елін сүйе біліп, халқымен бірге тыныстаған тамаша еңбегіне берілген баға.

Ал, бүгін оның кемел кеудесінде алмас қырлары сауле төгіп, Алтын жұлдыз тағылды!

Бұл ең алдымен киелі Сыр елінің ерекше қуанышы, ерен мақтанышы болмақ.

Аманбай ЕРХАТОВ,
кәсіпкер, «СПК Қызылорда балық» ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты.



Тілектестік

Өскен өңірі, ұлан-ғайыр ұлысы, жалпақ жұртының даңқын көкке көтерген саңлақ перзенттер бар. Атағы шартарапқа танылған Арал аймағының да белділігін биіктетіп, шоқтығын асырған сайыпқыран ұлдары аз емес. Сол тізімнің басында қарымды қаламгер, атақты жазушы Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісов тұр.

Халқымыздың «қос тойың қабат болсын» деген сөзі бар. Шұрайлы шығармалары, тұшымды туындылары республика көлемінен асып, әлемнің көптеген мемлекеттерін мекендеген алуан ұлттың тіліне аударылып, ну ормандай қалың оқырмандары іздеп жүріп оқитын Әбдіжәміл Кәрімұлы жырда тоқсан бес жастың төріне шықты. Оған қоса ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен ұлттық әдебиетті дамытудағы айрықша еңбегі үшін жазушыға жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы берілді.

Осынау ақжолтай хабар Әбесінің дүниеге келіп, кіндігін кескен, ат жалын тартып мінген мекені қасиетті Арал аймағын дүр сілкіндірді. Әлем халықтары жазушыларының шығармалары ішінде орны бөлек «Қан мен тер» туындысына арқау болған теңіз төсейінің жұрты жерлерінің толағай табысына алғаусыз қуауда. Мұндайды қазекен «ақ түйенің қарны жарылды» деп атайды. Құрметті Әбесі аға! Бүгінгідей шаттыққа толы сәтіндізге атажұртыңыз өзіңізге ақжарма тілегін жолдайды. Сіздің ғибағатты ғұмырыңыз – өскелең ұрпаққа адастырмас

шамшырақтай үлгі-өнеге. Жерлеріңіз сіздің есіміңізді мақтаншы тұтады. Аман болыңыз, Аралдың асыл абызы!

Ізгі ниетпен,
Арал ауданы ардагерлер қауымы.



Айдынды Арал жұрты ерекше қуанышқа бөленген күні даңқты жерлесіміз Ә.Нұрпейісовтің көркем сөзбен жасаған әдебиеттегі әлеміне қайта бір көз жүгіртіп өттік...

Тау тұлғалы талант

«Бетім-ай!... Маскара-ай!... Тырлы арық Қаракатын жер-қазбаға танаурап сөйлей кірді». Атақты «Қан мен тер» романы осылай басталаушы ма еді? Осы бір ауыз сөзден кейін үлкен әлемге – кеменгер суреткер Әбдіжәміл Нұрпейісовтің кең әлеміне бойлап еніп кеткен едік.

Романның осылай басталуының өзі сол кезде бізге ерекше көрінетін. Әдетте көлемді шығармалар бірнеше беттік табиғатты суреттеуден басталатын. Ал мына шығармада бірінші сөйлемнен-ақ Арал балықшыларының XX ғасыр басындағы қым-қуыт та қиын өміріне еніп, жаңа бір дүниені танығандай болғанбыз.

Әдебиет әлеміне жаңалық боп келген «Қан мен тер» романы тек Арал балықшыларының ғана өмірін емес, бүкіл қазақ халқының, тіпті барша адамзаттың сол дәуірдегі ойы, өмір сүру салты, дүниетанымын танытқандай өзгеше кітап болатын. Жазушы бұл көлемді эпопеясын жазуға өмірінің он жеті жылын арнаған екен.

Өз естеліктерінде мынандай бір оқиғаны әңгімелейді. Сонау 50-жылдары ол кезде кемерінен асып жатқан теңіздің батыс беткейіндегі балықшы ауылдан аудан орталығы Аралға арбамен бірнеше күн жүріп келе жатып жас жігіт балықшы ауылдың орындарын көріп, осы өлкеде қаншама ұрпақтар жасағанын, өмір сүргенін, қан төгіп қорғағанын, терін төгіп еңбек еткенін ойлап келе жатып, санасында «Қан мен тер» деген тіркес оралады. Сол бір ауыз сөз кейін жазушы қиялынан өріп, жылдар бойғы қағаз бен қаламға шұқшынып, өзіне етене таныс балықшылар өмірін жазудан осы әлемге танылған эпопея дүниеге келген болатын.

Аралдықтардың, балықшы қауымының мақтанатын бір тұлғасы, азаматы болса, ол – Әбдіжәміл Нұрпейісов. Қазақ жерінің бір пұшағы Арал атын күллі жер жаһан тарабына таныстырған қаламгер.

Өзінің әдебиетке келуі туралы әңгімесінде жазушы былай дейді: «Әдебиеттің жолы мен үшін сәтті болды. Бәрі алақанына салды, баладай әлдиледі. Әдебиетті жастайымнан жақсы көріп өстім. Мұғалима Ақерке апайымыздың өзі шала сауатты еді. Өзім сауатсыз болсам да, кейіннен апайдың біреуге жазған хатын оқығанда көз жеткіздім, қатесі көп екен, тіл сындырған сол кісіге өмір бойы қарыздармын».

Алғашқыда қолыма түскен кез келген кітапты оқыдым. Тасқа басылғанын бәрін іздеп, тауып оқып шықтым. Ең қатты әсер еткен кітап С.Мұқановтың «Жұмбақ жалауы» еді. Есімде қалғаны: «Мына жазушы әр кейіпкерімен бірге жүріп жазады ма екен?» деп ойлағаным. Онының сыныпта «Балуан Шолақ» повесін оқыдым. «Социалистік Қазақстанға» шыққан С.Мұқановтың оқырмандарына жазған жауабы көп сабақ болып, көзімді ашты. Жазудың қиындығын ерте түсіндім. Соғыстан кейін оқушы дәптеріне он екі бет етіп «Курляндия» деген роман жаздым.

Міне, осы романның алғашқы нұсқасын жазып әкелгенде белгілі жазушы Сәбит Мұқанов күллі қазақтың зиялы қауымына:

– Нұрпейісов әскерден келді, роман жазып жатыр, талантты, менің қазақ әдебиетімде жиырма жыл күткен адамды енді келді, – деп жар салды.

Талантты таланттыны ғана таныттыны шындық. Осылайша «ау» дегеннен қазақ әдебиетінің ірі тұлғалары М.Әуезовтің, Ғ.Мұстафиннің назарына ілігіп, аты барша жұртқа бірден белгілі болды.

Қазақ әдебиетінде ойдан өрнек тоқып, қара сөздің майын қалқыған жүздеген ақын-жазушылар болған. Алайда, «Әдебиет – ардың ісі» деп қағаз бен қаламды жылдар бойы бір сәт те қолынан түсірмей, әр шығармасын қайта-қайта түзеп, өңдеп, бір жазғанын бірнеше қайтара қарап, ерекше еңбекқорлығымен ерекшеленетін жазушы – осы Ә.Нұрпейісов.

Аз жазса да саз жазатын жазушының «Қан мен тер» және «Соңғы парыз» романдары бүгінде әлем халықтарының көптеген тілдеріне аударылып, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің мақтанышы болып отыр. Жазушы дүниеге келген, өскен Беларандағы киелі топырақ пен саф таза ауадан өрілген сөздің әуезділігі бүгінде тек қана қазаққа емес, өзге ұлттарға да белгілі. Қолына қалам ұстау арқылы ерінбей-жалықпай туған халқының бойындағы рухани нәрді жинап, мол қазына байлық жасап келеді. Ол – өз елінің тарихына терең үніліп, үлкен толғаныстарға барған жазушы.

Тарих деген – ең алдымен халық. Оның тағдыры мен тебіренісін көркем әдебиетте кеменгер суреткерлер ғана жан-жақты ашып көрсете алады. «Қан мен тер» және «Соңғы парыз» романдары сол халықтың жаңа бір қырынан ашылуы және жақсысы мен жаманы, жаңасы мен көнесі, барша бітім тұлғасы. Бірнеше ұрпақ қаламгердің осынау туындыларын оқып, өткен тарихымыздың қатпарына тарихына үніліп, өмірдің мәнін адам жанының тереңіне бойлап түсінді.

«Жазушы – адам жанының инженері» деген аксиома Әбесі шығармашылығының бүкіл болмыс-бітіміне, суреткерлік әлеміне сай келеді. Оның кітаптарын оқыған сайын дүниеге келген әр адам бір-бір ашылмаған жұмбақ әлем екендігіне көз жеткізгендейсің. Қаншама қиындықтарды басынан өткерсе де адамдық қалпын жоймаған, рухы мықты Еламан, аумалы-төкпелі заманның құрбаны аулы Ақбала, өмір жолы әп дегенде түзу көрінгенін, ақыр соңында аласып барып жығылған Тәңірберген – ешқашан ұмытылмайтын бейнелер.

Айдынды Аралдан шығып, аты күллі әлемге танылған абыз жазушы Әбесі – Әбдіжәміл Нұрпейісов міне, тоқсан бестің төріне шаршамай, шалдықпай шығып отыр.

Ел Президентінің қаулысымен көркем сөздің мәтріне «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының берілуі жерлерінің абыройын асқартты. Шынымен де, Әбесінің еңбекқорлығы ғаламат. Сөз өнерінде, біздің әдебиетте мұндай дара құбылыс болған емес. Соның арқасында Ә.Нұрпейісов тек қазақ әдебиетінде ғана емес, әлем әдебиетіндегі жарқын жұлдызға айналды. Десе дегендей, атак-абыройдың, өлшеусіз еңбектің бақ жұлдызы өр жазушының кеудесіне алтын жұлдыз боп тағылды. Бұл баршамыз үшін айтулы күн.

Ерғали АБДУЛЛА,
Халықаралық Жазушылар одағының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Кемел ойдың алып кемесі



КСРО Халық жазушысы, әлем әдебиетінің мэтрі Әбдіжәміл Кәрімұлы Нұрпейісовтің 95 жасқа толуына орай жазушының Аралдағы Әдебиет үйінде «Әдебиетіміздің мақтанышына айналған алыбымыз» атты тағылымды кеш өтті. Кештің мақсаты – жастарға жазушының болмыс-бітімі мен туған жерге деген парызын өтеу жолындағы еңбегін, көркем сөздің қадірін ұғындыру.

«Соңғы парыз» романының желісіне құрылған көріністен бастау алған тағылымды кешті аудан әкімінің орынбасары Рүстем Өтешов ашып берді. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, дербес зейнеткер Шәкірат Дармағамбетов пен мемлекет және қоғам қайраткері Құдайберген Саржанов жазушының өмір жолынан сыр шертіп, адами қасиеттеріне тоқталды. Жас ұрпақты қазақ жұртының игілігіне айналған, тағылымға толы шығармаларды өнеге тұтып, қазақ сөзінің киесін қадірлеуге шақырды. Кеш соңында Айнұр Сүйепова Ахмет Әмірзақтың «Мұхитқа қол

соқтырған қазақ сөзі» атты жазушыға арнауын шырақад.

Арал қалалық тарихи музейінің ұйымдастыруымен өткен шара аудандық мәдениет үйінде жалғасын тапты. Көрермен көзайымына айналып, көңілдерге сағыныш ұялатқан Ә.Нұрпейісовтің романы желісімен түсірілген «Қан мен тер» фильмінің көрсетілімі болды. 1978 жылы Әзірбайжан Мәмбетов пен Юрий Мастюгин түсірген фильм Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Алтын медалін және Ашхабад қаласындағы кинофестивальда «Ең үздік тарихи-революциялық фильм» номинациясы бойынша бірінші жүлде алған. «Қан мен терді» оқыған оқырман романның ішіне еніп кеткені сондай, Еламан, Тәңірберген, Кәлендерді тіріліп келсе, кастерлеп қат төрінен орын берердей әсерде қалып, тебіренеді. Кемел ойдың алып кемесіне айналған, дархан да дана, Аралды күллі әлемге мәшһүр еткен, Алатаудай атамызбен қалай мақтансақ та жарасады.

Ботагөз САРБАСОВА,
Арал қалалық тарихи музейінің филиал меңгерушісі.



Қармақшы ауданы: Молшылық мерекесі – ел берекесі

Таң қылан бере халық тайлы-тұяғы қалмай кент орталығындағы «Этноауыл» саябағына асықты. Мұнда ауданда қарасты 20 шақты шаруашылықтағы диқандар ала жаздай екен-тіскен 150 тоннадан астам өнімін 50 автокөлікпен әкелді. Қысқа қамданып, азық-түлігін арқалаған алуды да, еңбегін пұлдаған, сатушы да, жүк көтерген жұртты межелі жерге тасушы да – осы жерде.

Дәулет ҚЫРДАН.

Жәрмеңкеге жеткен жұрт

Күнипа Ерәлиева – зейнеткер. Десе де, отбасымен Жер-Анадан несібесін теріп отыр. Төрбай би ауылында тұратын олар «Абай-Дана» шаруа қожалығынан 1 гектар жер алып, соған көкөніс егеді. Биыл еңбеккер отбасы жәрмеңкеге асқабақ алып келді. – Еңбегімнің жемісі ғой, көкөніс мол өнім берді. Қазір әкелген асқабағымыз көлеміне қарай 200-300 теңгеден сатылып жатыр. Халық дән риза. Шынығыласымен рақметін айтып, алуда. Табиғи таза өнім болған соң, тұтынушы талабына сай келеді, – дейді К.Ерәлиева.

ШІ Интернационал – еңбеккерлер ауылы. Биыл «Абай-Дәулет» серіктестігі осы ауылдағы «Достық Жер» мекемесіне инвесторлық еткен. Ауылды да абаттандырды, шаруашылықты да шалқытты.

– Біз жәрмеңкеге 2 тонна күріш, 400 келдей қауын-қарбыз, қапуста, 2 тонна жем, 4 тонна күрмек және 3 тонна құрма жем мен 2 тонна картоп әкелдік. Өнімдердің бағасын халықтың қалғасын қалғайтандай етіп төмендеттік. Өйтсе де, шаруалардың еңбегі де ақталу керек, – дейді инвестор мекеме өкілі Нұрсұлтан Жабаев.

Сонымен қатар жәрмеңкеге Тұрмағамбет ауылындағы шағын сүт өңдеу зауытының өнімдері де қойылды. Ауылдағы ағайыннан таза сүт қабылданып, содан түрлі

өнім өндіріледі. Бүгінде аудан көлемінде де зор сұранысқа ие сүт өнімдері жәрмеңке бітпей жатып түгесілді. Әсіресе, бақша өнімдеріне сұраныс жоғары болды. Кент тұрғыны Тұрмақұл Сейдалиева қажеттінің бәрине төмен бағада қол жеткізгенін айтты.

– Арқаланып қайтып барамыз. Малға жем алдым. Ауылдың дәмі ғой деп бақша өнімдерінен де алдым. Әсіресе, күріш арзан болды. Басқа күндері қабы 6 мың теңгеден үстінде. Бүгін 5500 теңгеден сатылды. Төрбай би ауылының асқабағын, Тұрмағамбет ауылының сүт өнімдерін ерекше айта аламын, – дейді ол.

Еңбек етсең ерінбей...

Жәрмеңке соңы биылғы маусымда еңбегі ерекше бағаланған үздіктерді марапаттау шарасына жалғасты. Оған облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жаханов және аудан басшылары қатысты.

– Қармақшы ауданы – Сыр өңіріндегі іргелі, әлеуеті жоғары аудандардың бірі. Соңғы жылдары үздіктер сапынан түскен жоқ. 2017 жылы «Ақтөбе и К», былтыр «Жаңажол» серіктестіктері облыста I орынға қол жеткізсе, биылғы маусымды «Тұрмағамбет» ЖШС облыс бойынша III орынмен қорытындылады. Бұл – дала еңбеккерлерінің тынымсыз еңбегі мен қажыр-қайратының, ауыз-біршілігінің жемісі. Қармақ-



шылықтардың ортақ жеңісі әрі табысы, – деді облыс әкімінің орынбасары Б.Жаханов.

Қармақшыдағы 22 шаруашылықтың 14-і күріш өсірумен айналысады. Биыл 14,6 мың гектар жердің әр гектарынан 62,7 центнерден өнім алып, 92 мың тонна астықты қамбаға құйды. Күн күлімдеген көктемнен бастап бүгінге дейінгі шаруалардың еңбегін атап өткен аудан әкімі Мұса Қалдарбеков әлі де талай рекорд жаңартуға мүмкіндік бар екенін айтты.

Еткен еңбегі еленіп бірқатар азаматтар марапатқа ие болды. Аудан бойынша озат ауылшаруашылық құрылымдарының көшін 2700 гектар жерден 75 центнерден өнім жинаған «Тұрмағамбет» ЖШС бастады.

Нұржан Пірмантаев басқаратын ұжымның жетістіктері облыста I орынға қол жеткізсе, биылғы маусымды «Тұрмағамбет» ЖШС облыс бойынша III орынмен қорытындылады. Бұл – дала еңбеккерлерінің тынымсыз еңбегі мен қажыр-қайратының, ауыз-біршілігінің жемісі. Қармақ-

«Озат бригадир» атанса, «Ақтөбе и К» серіктестігінен Нұрбол Сахиев «Озат күріш сушысы» номинациясын иеленді. «Тұрмағамбет» ЖШС жатқисі Нұржан Ертаев, «Жаңажол» ЖШС комбайнері Бағдат Берлібаев, «Жаңажол» ЖШС астық тасымалдаушысы Бақтияр Исабаев, «Достық жер МК» ЖШС жоңышқа өсірушісі Еркін Зарипханов, «Шабан ата» шаруа қожалығынан Абзал Жақсылықов, «Ақтөбе и К» ЖШС инженер-механигі Зәуірбек Бакбергенов озаттар қатарынан табылды.

– Еңбек жолымды осыдан 36 жыл бұрын механикалық болып бастадым. 2012 жылдан бері инженер-механикпің. Жұмыстың оңайы жоқ. Мойнына зор жауапкершілік артылады. Бір техника бұзылса, соның кесірі бүкіл жұмыстың ырғағын бұзады. Сондықтан қауырт тіршілік қызған маусымда күндіз күлкіні, түнде ұйқыны қоямыз. Сол еңбектің бағаланғаны ғой, – дейді З.Бакбергенов.

Молшылық мерекесінде

бірқатар азаматтар аудан әкімінің Алғыс хатын иеленді. Былтырдан бастап Қылышбек Әбішев атындағы төсбелгі тағайындалған болатын. Биыл ауыл шаруашылығына зор еңбегі сіңген тұлғаның атындағы марапатқа 5 адам ие болды. Шаруашылықтар атынан үздік қызметкерлерге 13 автокөлік табысталды. Олардың қатарында «Ораз ахун ЛТД» ЖШС сушысы Ғани Ойнаров та бар.

– Басшылықтың қолдауы мен тартуына алғысымыз айтамын. Өз міндетімді атқарып, еңбек еттік. Автокөлік табыстайды дегенде төбем көкке жеткендей қуандым. Қуаныштан толқып та тұрмын. Мұндайда ауызға айтар сөз де түспейді екен, – дейді жас маман.

Жастарды қолдап, ауылға шақыруда шаруашылықтардың үлесі зор. Мерекеден байқанғанымыздың бірі – осы.

Салтанатты шара аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Қармақшы ауданы.

ӨНЕР

Классикалық ән кеші

Профессор, Қазақстанның халық артисі, дирижер Төлепберген Әбдірашевті еске алуға арналған «Әбдірашев әлемі» атты облыстық филармония камералық оркестрінің концерті өтті.



Музыка сыншылары «Тамаша музыкант, әртістік келбеті жарқын, музыканы дәл көрсететін кимыл, ырғақты нақты сезінетін, автор ойын терең түсінуші... Әбдірашев – музыкадағы алып дарын» деп баға берген маэстроның құрметіне арналған классикалық кешке бірқатар музыка

майталмандары арнайы қатысты. Ал, Әбдірашевтің маэстроның дирижерлік өнерін бойына сіңірген төл шәкірті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушысы, ұстазының ізімен ҚР мемлекеттік академиялық симфония оркестрі мен Н.Тілендиев атындағы мем-

лекеттік академиялық фольклорлы-этнографиялық «Отырар сазы» оркестрінде жемісті еңбек етіп жүрген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, кеш қонағы және дирижері Мүслім Әмзе болды.

Әбдірашев кезінде қазақ композиторлары шығармаларының насихатшысы болған. Соның айғағы, Алматыда жаздырған оркестрдің CD табықшасында тек қазақ шығармалары топтастырылыпты. Сондай-ақ, Әбдірашев жетекшілігімен оркестр бүкілордақтық «Мелодия» грамзаписіне жазылды.

Отыз жасында-ақ белгілі өнер тұлғасына айналып, әлемге танылған музыкантты еске алуға арналған кештің алғашқы бөлімінде «Қазақстан Камератасы» мемлекеттік классикалық музыка ансамблінің кuartет музыканттары өнер көрсетсе, екінші бөлімінде камералық оркестрдің шығармаларымен жалғасын тапты.

Жиылан жұртшылық бірде нәзік те сыршыл лирикаға елітіп, бірде қарқын мен жалынға толы оркестр шығармаларынан шабыттана түсті.

Бұл күні ұлы өнердің халықты тек әнге бөлеп қана қоймай, рухани қажетін де қамтамасыз еткені анық.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ.



Хабарландыру

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшыларының 28 қазан 2019 жылғы кезектен тыс жалпы жиналысының қорытындысына сәйкес қаржыландыруға байланысты, серіктестік құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын өткізуге қайтардан 2019 жылдың 12 қарашасы күні сағат 11.00-де мына мекен-жайда өткізетінін хабарлайды: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, А.Алиқбаров көшесі №9 (Сапаржай ғимаратында).

Күн тәртібінде:
1. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшыларының қосымша тізім бойынша өз арыздарына сәйкес үлестерін сату, құрылтайшылар қатарынан шығару және қосымша тізімге сәйкес құрылтайшылар үлесінің бір бөлігін сату, жаңа құрылтайшыларды қосымша тізімге сәйкес қабылдау, жиналыстың қорытындысымен белгіленген Жарғылық капиталдың бекіту туралы және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, Әділет басқармасына тіркеу туралы;
2. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшыларын одан әрі қаржыландыруға «Аграрлық несиелік компаниясы» АҚ-нан жылдық 20 пайызға дейін, 20 сәуір 2019 жылға дейін ашылған несиелік шарттарды, несиелік бекіту туралы және осы несиелік шарттарды қайта қарау туралы;
3. «Аграрлық несиелік компаниясы» АҚ арқылы несиелендіруді рәсімдеудің жаңа басылымдағы шарттары мен т.б. ережелерін бекіту туралы;
4. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшылары арасында несиелік лимитін бөлу туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлерін бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 10 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС әкімшілігі (БИН: 040 540 001 348)

Жоба

2020-2021 жылдарға арналған Қызылорда облысындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекіту туралы

«Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңының 8-бабы 1-тармағының 20-5) тармақшасына және Қазақстан Республикасындағы спорт түрлерін саралау бойынша республикалық комиссияның 2019 жылғы 3 қазандағы №2 хаттамасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2020-2021 жылдарға арналған Қызылорда облысындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесін бекітілсін.

2. «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

Қызылорда облысының әкімі **Қ.Ысқақов.**

«КЕЛІСІЛДІ» Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы «...» хатымен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы «...» №... қаулысымен бекітілген

2020-2021 жылдарға арналған Қызылорда облысындағы спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі

| Топтар атауы | № | Олимпинадалық емес спорт түрлерінің атауы | Жазғы олимпинадалық спорт түрлерінің атауы | Қысқы олимпинадалық спорт түрлерінің атауы | Қысқы олимпинадалық спорт түрлерінің атауы | Ұлттық спорт түрлерінің атауы | Паралимпиялық спорт түрлерінің атауы |
|--------------|-----|---|--|--|--|-------------------------------|--------------------------------------|
| «А» тобы | 1. | Әмбебап жекпе-жек | Ауыр атлетика | Кольменлеп манерлеп сырғанау | Жекпе-жек | Арбада билеу | |
| | 2. | Белбеу күресі | Бокс (ерлер, әйелдер) | Дзюдо | Қазақ күресі | Дзюдо | |
| | 3. | Кикбоксинг | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Жағажай волейболы | Кол күресі |
| | 4. | Шахмат | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика |
| | 5. | Самбо | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика |
| | 6. | Ушу | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика |
| | 7. | | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика |
| | 8. | | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика |
| | 9. | | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика |
| | 10. | | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика | Тяжелая атлетика |
| «Б» тобы | 1. | Гранпчинг | Баскетбол | Шорт-трек | Аударысқақ Асық ату | | |
| | 2. | Кнокушин-кай-кан каратэ | Велосипед спорты | Жеңіл атлетика | Көкпар | | |
| | 3. | ММА аралас жауынгерлік жекпе-жек | Жеңіл атлетика | Жеңіл атлетика | Жеңіл атлетика | | |
| | 4. | Муай-тай | Жузу | Жузу | Жузу | | |
| | 5. | Панкратион | Классикалық волейбол | Классикалық волейбол | Классикалық волейбол | | |
| | 6. | Пауэрлифтинг | Көгалдағы хоккей | Көгалдағы хоккей | Көгалдағы хоккей | | |
| | 7. | | Көгалдағы хоккей | Көгалдағы хоккей | Көгалдағы хоккей | | |
| | 8. | | Теннис | Теннис | Теннис | | |
| | 9. | | Үстел теннісі | Үстел теннісі | Үстел теннісі | | |
| | 10. | | Футбол | Футбол | Футбол | | |
| «С» тобы | 1. | Әскери самбо | Бадминтон | Бадминтон | Бадминтон | Бадминтон | |
| | 2. | Би спорты | Көркем гимнастика | Көркем гимнастика | Көркем гимнастика | Көркем гимнастика | |
| | 3. | Гир спорты | Нысана көздеу | Нысана көздеу | Нысана көздеу | Нысана көздеу | |
| | 4. | Дюбелі | Суртбол | Суртбол | Суртбол | Суртбол | |
| | 5. | Джю-джитсу | Триатлон | Триатлон | Триатлон | Триатлон | |
| | 6. | Кол күресі | | | | | |
| | 7. | Қоян-қолтық күресі | | | | | |
| | 8. | Президенттік көпсайыс | | | | | |
| | 9. | Спорттық туризм | | | | | |
| | 10. | Тяжелая атлетика | | | | | |

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 29.12.2015 жылғы №153 «ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің әдептік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы талпарларының орындалуы және ҚР-ның 18.11.2015 жылғы №410-У «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «ҚР ІІМ ҚАЖ комитетінің Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің» РММ-де 8(7242)-23-47-19 және 8 (7242)-23-48-07 сенім телефондары жұмыс істейтін жайлы хабарлаймыз.

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәсихаты, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы және облыстық қоғамдық кеңес Нұрлан Пірмөвке зайыбы

Рахия Балмахамбетқызы Пірмөваның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұжымы департамент ардагері Нұрлан Қашақбайұлы Пірмөвке зайыбы

Рахия Балмахамбетқызы Пірмөваның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің ұжымы әкімшілік басқармасының басшысы Толқын Нұрланқызы Пірмөваға анасы

Рахия Балмахамбетқызы Пірмөваның қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.